



1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Бірлік -

баянды болашақтың бағдары

Мамырдың алғашқы күні – еліміз үшін айрықша мәнге ие мереке. Бұл күн – Қазақстанды мекендеген сан түрлі ұлт пен ұлыстың басын қосқан бірлік пен татулықтың символы. Бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан 130-дан астам этнос өкілінің ортақ қуанышына айналған бұл мейрам – тәуелсіз елдің ең үлкен жетістіктерінің бірін айшықтайды. Дана халқымыз «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деп бекер айтпаған. Ал Төле би айтқан «Бірігу – ата-баба өсиеті, бөліну – қоғам қасіреті» деген нақыл бүгінгі күннің де өзегіне айналып отыр. Себебі елдің ертеңі – ең алдымен оның ішкі тұтастығында, қоғамдық келісінде жатыр.

Тәуелсіз Қазақстанның басты құндылығы – ұлтаралық және конфессияаралық келісім. Әр түрлі мәдениет пен тілдің тоғысқан мекенінде бейбітшілік пен өзара құрметтің салтанат құруы – кездейсоқ жетістік емес, бұл – жылдар бойы жүргізілген сарабдал саясат пен қоғамның ортақ жауапкершілігінің нәтижесі. Аудан көлемінде де бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Бүгінде өңірде 38 өзге ұлт өкілі тату-тәтті ғұмыр кешуде. Олар жергілікті халықпен етене араласып, бір

мақсат, бір мүдде жолында еңбек етіп келеді. Бұл – бірлік пен ынтымақтың нақты көрінісі.

Ал бұл мереке өз бастауын сонау 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған сәттен алады. Қазіргі таңда республикада 1000-нан астам этномәдени бірлестік, оның ішінде 14 республикалық бірлестік жұмыс істейді. Әрі оның ішінде 405 этномәдени

бірлестік ҚХД-да аккредиттелген (14 республикалық және 391 өңірлік). Осылайша, Ассамблея біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді. Оған келтірер дәлелдер ұшан-теңіз. Солардың бірі қазіргі таңдағы әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қамқорлық пен қолдау десек, артық айтқандық болмас.

Жалғасы 2-бетте



МӘДЕНИЕТ

«ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ КӨКТЕМІ – 2026»

өнер өрнегі өрілген руханият мерекесі



Мәдениет – халық жадын сақтап, ұлт рухын ұлықтайтын мәңгілік мәйек. Сол руханияттың өзегінде жатқан театр өнері – уақыт пен кеңістікті жалғап, өткеннің өнегесін бүгінге жеткізетін тылсым күшке ие. Сахнадағы әрбір образ, әрбір сөз бен қимыл – қоғамның тынысын танытып, адам жанының терең иірімдерін ашатын көркем айна. Осындай рухани құндылықтарды дәріптейтін, өнердің шынайы салтанатын айшықтайтын тағылымды шара – «Халық театры көктемі – 2026» облыстық театрлар байқауы биыл алғаш рет шымылдығын түрді. Көрерменге ой мен сезім сыйлайтын бұл өнер мерекесі Тұщықұдық ауылындағы Нариман Үлкенбайұлы атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен және театр жанынан құрылған Ғатау Рамазанов атындағы «Халықтық» театрдың ұйытқы болуымен жоғары деңгейде өтті.

Байқау аясында облыстың түкпір-түкпірінен – Атырау қаласы мен Құрманғазы, Мақат, Жылыой, Қызылқоға, Индер, Махамбет аудандарынан өнер ұжымдары арнайы ат басын бұрып, ауданға табан тіреді. Әр өңірден келген өнерпаздар бір сахна төрінде тоғысып, өздерінің таңдаулы қойылымдарын ұсынып, көрермен көңілінен шығуға бар шеберліктерін салды.

Аталған өнер додасы – тек бәсеке емес, шығармашылық

байланыс орнататын, тәжірибе алмасатын, өнердің өрісін кеңейтетін маңызды рухани алаңға айналды десе болар. Екі күнге жалғасқан байқау барысында облыстың әр ауданынан келген халық театрлары сахна төрінде өз өнерлерін ортаға салып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Сейсенбі күні шымылдығын түрген байқаудың алғашқы күні қонақтарды қарсы алу-дан бастау алып, салтанатты

ашылу рәсіміне ұласты. Сахна төрінде Ғатау Рамазанов атындағы халықтық театр аудан топырағынан түлеп ұшқан ұлы тұлғалардың тағылымды бейнесін шебер сомдап, көрермен көңіліне ерекше әсер сыйлады. Тағылым мен тарих астақан бұл қойылым меймандар жүрегінен орын тапты.

Салтанатты жиынның алғы сөзі аудан әкімі аппаратының басшысы Арманбек Махмұтовқа беріліп, ол өз кезегінде өнер ұжымдарына ізгі тілегін арнап, шығармашылық табыс пен толағай жетістіктер тіледі. Келесі кезекте сөз алған Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының басшысы Сағынтай Көпжасаров қоғам үшін мәдениеттің орны қашан да биік екенін ерекше атап өтті.

– Атырау өңірі – қазақ тарихында есімі алтын әрішпен жазылған тұлғаларға бай өлке. Солардың басым көпшілігі бүгін осы сахна төрінде ата-лып өтті десек, артық емес. Нарынның наркескені Нұралы ағамыз, орны бір төбе Нариман сынды арыстарымыздың есімдері қазақ әдебиетінде мәңгілікке таңбаланды. Театр

– қоғамның айнасы, өмірдің көрінісі. Кейде сіз бен біздің айта алмайтын ойымызды сахна арқылы жеткізіп, көрерменге ой салады. Жалпы облыс бойынша 16 халықтық театр бар, соның сегізі бүгінгі байқауға қатысып отыр. Адағы уақытта осы 16 театрдың барлығын да осындай сахна төрінде, фестиваль аясында көру – біздің ортақ тілегіміз. Себебі

«Театр – қас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп Ғабит Мүсірепов ағамыз бекер айтпаған. Шынайы өнер – өмір шындығын жүрекпен сезініп, оны көрерменге жеткізу жолындағы маңдай тер мен табанды еңбектің жемісі. Көп жағдайда көрермен сахна сыртындағы тынымсыз тірлікті көре бермейді, ал ол – үлкен еңбектің нәтижесі. Біздің мақсатымыз – барлық театр ұжымдарының, мейлі кәсіби болсын, мейлі халықтық болсын, бір-бірімен тәжірибе алмасып, шығармашылық тұрғыда дамуына жол ашу, деген ол сөз соңында мәдени шараны ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Түстен кейін қойылым басталып, алғашқы боп сахнаға шыққан Индер ауданының «Жарсуат» халық театры Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» драмасын сахналап, көрермен жанын тебірентті. Қызылқоға ауданының «Шұғыла» халық театры Ғ.Мұстафиннің «Алынған кек» қойылымын ұсынып, тартысты оқиғалар желісімен ерекшеленді. Ал Мақат ауданының «Мақат» халық театры А.Кенжеғалиеваның «Жұп-жіп» драмасын сахнаға шығарып, актерлік шеберліктің жоғары деңгейін көрсетті. Сәрсенбі күні байқау өз жалғасын тауып, Жылыой

ауданының «Жастар» халық театры Қ.Ысқақовтың «Мезгілсіз сөнген жұлдыздар» драмасын сахналады. Құрманғазы ауданының «Орлы» халық театры Қ.Ғұмаровтың «Тағдырдың төрт соққысы» туындысы арқылы көрерменге терең ой салды. Түстен кейін Атырау қаласының «Амангелді» халық театры Е.Домбаевтың «Біздің кластың қыздары» қойылымын ұсынып, өткен шақтың әсерлі көріністерін бейнеледі. Ал Махамбет ауданының «Алға» халық театры Ф.Бөлековтің «Күйеу іздеген кемпірлер» комедиялық драмасы арқылы көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, залды күлкіге бөледі.

Екі күнге созылған өнер мерекесі марапаттау рәсімімен қорытындыланып, үздік өнер ұжымдары мен талантты актерлер лайықты бағалары алды. Сахна шымылдығы жабылғанымен, көрермен көңілінде қалған әсер мен рухани байлық ұзаққа сақталары сөзсіз.

«Халық театры көктемі – 2026» байқауы өңір өнерінің өрісін кеңейтіп, ұлттық мәдениеттің тамырына қан жүгірткен тағылымды шара ретінде есте қалды.

Сағыныш САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ



НАРЫҚ ЖӘНЕ БАҒА

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР
АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ НАЗАРДА

Атырау облысы сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті облыста азық-түлік бағасын тұрақтандыру және тұтынушылар құқығын қорғау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Соған қарамастан, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (ӘМАТ) бағаның негізсіз өсу фактілері әлі де кездеседі. Осыған байланысты өңірде баға белгілеу тәртібін бақылау және заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету күшейтілген.

Ең алдымен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 204-4-бабына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген сауда үстемесінің шекті мөлшерін асырғаны үшін жауапкершілік көзделген. Жеке тұлғаларға және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 35 АЕК, ал ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕК мөлшерінде. Бұл талаптар нарықтағы бағаның негізсіз өсуіне жол бермеуге бағытталған.

Осы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында департамент Атырау облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен бірлесіп жұмыс жүргізуде. Алта сайын өткізілетін азық-түлік тауарларына баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі облыстық комиссияның отырыстарында делдалдық схемалар қаралып. Нәтижесінде тиімсіз делдалдар анықталып, олар бойынша хаттамалар

рәсімделіп, тиісті кәсіпкерлік субъектілерге қатысты департамент тарапынан тексерістер басталады.

Сонымен қатар, электронды шот-фактураларды талдау барысында да заң бұзушылықтар анықталуда. Жүргізілген саралау нәтижесінде кейбір кәсіпкерлердің әлеуметтік маңызы бар тауарларға рұқсат етілген 15% шекті сауда үстемесін айтарлықтай асырғаны белгілі болды. Мысалы, алмаға 41,6%, ал қиярға 203,5% үстеме баға қойылған факті тіркелді. Аталған жағдайлар бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізіліп, кәсіпкерлік субъектілерге әкімшілік шаралар қолданылды.

Бағаны тұрақтандырудың тағы бір маңызды тетігі – тұрақтандыру қоры. Атырау облысы аумағында құрылған бұл қор әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын ұстап тұруға бағытталған. Оның негізгі міндеттері – халықты сапалы өнімдермен тең қолжетімділік негізінде қамтамасыз ету, отандық тауар өндірушілер



мен сауда желілерін қолдау, сондай-ақ маусымдық немесе экономикалық ауытқулар кезеңінде азық-түлік тапшылығы тәуекелдерін төмендету. Бүгінде қор арқылы әлеуметтік маңызы бар көкөніс өнімдері тұрғындарға қолжетімді бағамен ұсынылып, бұл өз кезегінде нарықтағы бағаның негізсіз өсуіне тиімді тосқауыл болып отыр. Тұрақтандыру қорының өнімдері 23 сауда нүктесінде сатылуда, оның ішінде: 4 қалалық базарда: «Дина» – 2 нүкте, «Сарайшық» – 1 нүкте, «Көктем» – 1 нүкте; Юсауда павильонында: «Агрофеликс» ШҚ, «Dihan», «Abdulla» ШҚ және басқалары; 9 супермаркетте: «MARKO», «Super MARKO», «Клубничный рай».

Егер сіз әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы негізсіз көтерілгенін байқасаңыз, Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгінуге құқылысыз. Ол үшін тауардың атауы мен бағасы анық көрінетіндей етіп баға белгісін фотоға түсіріп, сатып алу кезінде берілген фискалдық чекті сақтау қажет. Қосымша дәлел ретінде дүкеннің мекенжайы мен баға көрсетілген қысқаша бейнежазба ұсынуға болады. Жиналған материалдарды e-Otinish платформасы арқылы жодап, ресми өтініш беруге мүмкіндік бар. Әрбір азаматтың белсенділігі баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге және тұтынушылар құқығын қорғауға ықпал етеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Архитектура Дизайн и Проектирование» ЖШС-і ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, ашық жиналыс өткізу жоспарланып отыр, келесі мекен жай бойынша Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұщықұдық а.о., Тұщықұдық а. Шәріпов к-сі, 18, Мәдениет үйінің ғимараты, 2026 жылдың 02 маусымында, сағат 15:00-де, «Атырау облысы Исатай ауданы, Тұщықұдық ауылында 540 м3 резервуарлық парк газ сақтау» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп»

Геологиялық бөлу координаттары: 47.308308, 51.110808

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұщықұдық ауылы

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме:

Zoom <https://us06web.zoom.us/j/86483688124?pwd=Hie40PTaFaX1LkMwUfQ1xFHVa8CbVJ.1>

Жеке конференцияның идентификаторы: 864 8368 8124. Кіру коды: 154379

Жобалық құжаттамамен порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Қоршаған ортаның жай-күйі және <https://hearings.ndbecology.gov.kz> ресурстарын сақтау туралы ұлттық деректер банкі, «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz Тел.: 8 (7122) 35-45-59

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Архитектура Дизайн и Проектирование» ЖШС. БСН: 911018301623. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, БАҒЫТ БОЙЖАҢАНОВ к-сі, 3.

Жобаны жасақтаушы: «ЭКО НАЙС» ЖШС. Атырау қ-сы, Байтақ ш.а. п.5, 6 ұй. БСН: 131040011648

Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады эл.м.ilyassova85@gmail.com және 8 701 977 21 10 номері бойынша хабарласуға болады.

ӨЗЕКТІ

ҚЫЗМЕТ САПАСЫ –
ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Жылдың алғашқы тоқсанында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Департамент тарапынан атқарылған шаралар нәтижесінде бұл саладағы бақылау күшейтіліп, азаматтардың құқықтарын қорғауға басымдық берілді.

Осы уақыт аралығында барлығы 1 942 955 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның басым бөлігі, яғни 1 702 065 қызмет жергілікті атқарушы органдар арқылы ұсынылса, 240 890 қызмет орталық мемлекеттік органдардың үлесіне тиесілі. Бақылау шаралары да назардан тыс қалған жоқ. Жүргізілген тексерулер нәтижесінде 1 847 заң бұзушылық анықталды. Оның ішінде 1 178 дерек тексеріс барысында тіркелсе, 669 кемшілік қашықтықтан бақылау арқылы белгілі болды. Бұл көрсеткіштер қызмет көрсету үдерісінде әлі де жүйелі мәселелер бар екенін көрсетеді.

Талдау нәтижесі ең көп кездесетін заң бұзушылықтардың мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін сақтамауға қатысты - 1 141 жағдай анықталды. Сонымен қатар қызмет көрсету мерзімін бұзудың 31 дерегі және негізсіз бас тартудың 6 фактісі тіркелді.

Анықталған кемшіліктер бойынша тиісті шаралар қабылданып, заң талаптарын сақтамаған 4 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолдану ұсынылды.

Департамент жүргізген 2 жоспарлы тексеріс нәтижесінде

123 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Сондай-ақ азаматтардан түскен 59 өтініш қаралып, олардың негізінде 2 азаматтың құқықтары қорғалды.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту мақсатында жұмыс тобының отырысы өткізіліп, 16 ұсыныс енгізілді. Ал «Елге қызмет» бағдарламасы аясында 12 ақпараттық шығарылым ұйымдастырылып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, қоғамдық бақылау жұмыстары да назардан тыс қалмады.

Атқарылған жұмыстар мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға, ашықтықты қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табады.

Какима НУРМАҒАМБЕТОВА,
мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Атырау облысы бойынша департаментінің бас маманы

ТҰТЫНУШЫ, ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ БІЛ!

Облыстық тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне жүктелген міндеттердің бірі – ақпарат беру және сауаттандыру. Бұл бағытта департамент мамандары түрлі шаралар ұйымдастырып келеді. Қазір дүние жүзі мемлекеттерінің заңдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Тұтынушылар құқығын қорғаудағы негізгі қағидаларды басшылыққа алады.



Ол қағидалар – тауардың қауіпсіздігі, ақпарат құқығы, тауарды таңдау құқығы, өз мүддеңді жеткізе алу (шағымыңды жеткізу) құқығы, негізгі қажеттіліктеріңді қанағаттандыра алу, шығынның орнын жабу, тұтынушыларды сауаттандыру, салауатты қоршаған орта.

Ал біздің елімізде тұтынушылардың заң бойынша төмендегідей құқықтары бар:

- 1) тауарларды (орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасу;
- 2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы ағарту және тұтынушының өз құқықтарын мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде құқықтық сауаттылығын арттыру;
- 3) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алу;
- 4) қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу;
- 5) тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдау;
- 6) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына;
- 7) тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алу немесе қайтарып беру;
- 8) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемші – ліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтеу;
- 9) сатушыдан (дайындаушыдан, орындаушыдан) тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) фактісін растайтын құжатты немесе тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) кезінде жасалған шартты алу;
- 10) ұтыс түрінде берілген (орындалған, көрсетілген) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасы бойынша ойындардың бастамашысына (ұйымдастырушысына) кінә қою;
- 11) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құру;
- 12) моральдық зиянды өтеу;
- 13) құқықтары мен заңды қорғау;
- 14) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыра алады.

Сауда мұраты – ұту. Өркениет көшіне ілескенімізбен, осы ұстанымды желеулетіп, небір құйтұрқылыққа баратындар қоғамымызда кездеспей қалмайды. Сондайда ұтылып қалмас үшін әрқайсымыз тұтынушы ретінде өз құқығымызды біліп, оны қорғай алатындай болуымыз керек.

АГРОӘЛЕМ

ҚАУІПСІЗ ӨНІМНІҢ КІЛТІ ҚАЙДА?

Қазіргі таңда әлем халқының саны қарқынды өсіп, азық-түлікке деген сұраныс артып келеді. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы саласына жаңа талаптар қойып отыр. Климаттың өзгеруі, жер ресурстарының тозуы мен түрлі зиянкестердің көбеюі – өнім сапасы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін факторлар. Осындай күрделі жағдайда ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері, соның ішінде радиациялық технологиялар ерекше маңызға ие болуда.

Радиациялық технологиялар – иондаушы сәулелерді пайдалану арқылы өнімді өңдеу, сақтау және сапасын арттыруға бағытталған тиімді әдістердің бірі. Бұл тәсіл бүгінде әлемнің көптеген елдерінде кеңінен

қолданылып келеді және өзінің қауіпсіздігін ғылыми тұрғыда дәлелдеген.

Мамандардың айтуынша, сәулелендіру әдісі азық-түлік өнімдерінің табиғи қасиетін өзгертпей, олардың сақталу мерзімін бірнеше есе ұзартады.

Әсіресе жеміс-жидек пен көкөністерді өңдеу кезінде бұл тәсілдің тиімділігі жоғары. Өнім құрамындағы зиянды бактериялар мен микроорганизмдер жойылып, бұзылу үдерісі баяулайды. Соның арқасында азық-түлік ысырабы азайып, нарықтағы баға тұрақтылығына да оң әсер етеді. Сала сарапшыларының пікірінше, радиациялық технологиялардың тағы бір маңызды бағыты – ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сұрыптарын шығару.

Иондаушы сәулелер арқылы өсімдіктердің генетикалық ерекшеліктерін өзгертіп, құрғақшылыққа, ауруларға

төзімді жаңа сорттар алуға болады. Бұл әсіресе климаттық өзгерістерге бейімделу тұрғысынан аса өзекті.

Ауыл шаруашылығы саласындағы ғалымдар радиациялық әдістердің зиянкестермен күресте де тиімді екенін алға тартады. Мәселен жәндіктерді стерильдеу арқылы олардың көбеюін шектеуге болады. Бұл химиялық пестицидтерді азайтып, экологиялық таза өнім өндіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде қоршаған ортаға келетін зиян төмендейді. Сонымен қатар халықаралық ұйымдардың деректеріне сүйенсек, сәулелендірілген

өнімдердің адам денсаулығына зияны жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Халықаралық атом энергиясы агенттігі мамандары бұл технологиялардың қауіпсіздігін бірнеше рет растаған. Олардың мәліметінше, сәулелендіру процесі өнімді радиоактивті етпейді, керісінше оның қауіпсіздігін арттырады.

Қазақстандық мамандар да бұл бағыттағы болашағына үлкен үмітпен қарайды. Олардың айтуынша, елімізде радиациялық технологияларды ауыл шаруашылығына кеңінен енгізу арқылы өнім сапасын жақсартып қана қоймай, экспорттық әлеуетті арттыруға болады. Әсіресе, органикалық және ұзақ сақталатын өнімдерге деген сұраныс артқан қазіргі кезеңде бұл – үлкен мүмкіндік. Дегенмен сарапшылар халық

арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін де атап өтеді. Себебі радиация сөзі көп жағдайда қорқынышпен қабылданады. Ал ғылыми негізде қарастырсақ, бұл технологиялар – қауіпсіз әрі тиімді құралдардың бірі.

Қорытындылай келе, радиациялық технологиялар – ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі заманауи шешімдердің бірі. Мамандар пікіріне сүйенсек, бұл бағытта дамыту – болашақтың басты талаптарының бірі болмақ. Ең маңыздысы – ғылыми жетістіктерді дұрыс түсініп, оны ел игілігіне тиімді пайдалану.

Әсел ТАБИҒАТОВА